

Толеранттылық





Толеранттылық латын тілінен аударғанда **tolerantia** - шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез-құлықтарға, әдеттерге төзімділік таныту, қолайсыз әсерлердің ықпалын бастан өткізе алушылық деген мағынаны білдіреді.

Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген күннен бастап өз жолын, өз ұстанымын ізденумен болды. Халқымыздық бағызы арман-мұраты жаңа заманда жаңа міндетке айналып көрегендікті, талғампаздықты, шешімділікті, белсенділікті, табандылықты талап етті. Замананың күрделі ауқымына сай Қазақстан өз ерекшелігін негіз етіп, өзіне тән тұрақтылық пен даму жолын табуға талпынды және бұл ізденіс елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің сарабдал көреген саясаты арқылы табысты болғанын уақыттың өзі дәлелдеп үлгірді. 20 жыл ішінде еліміздегі түрлі конфессиялар және түрлі этностар арасындағы достық нығайды, дінаралық татулық бағытында батыл бастамалар көтерілді. Түрлі этностардың басын біріктірген Қазақстан халқы ассамблеясы тұрақты жұмыс жасауда. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайы шақырылып, дінаралық татулыққа әлемдік деңгейде талдаулар жасалды. Қазақстан әлемге өзін даму жолына түскен жасампаз ел ретінде таныта білді. Бұл белгілі бір мағынада, мемлекетіміз саясатындағы толеранттылық ұстанымына тіке қатысты. Еліміздегі 130 этнос пен 40-тан астам конфессия арасында сенімділік пен төзімділік басты қағидаға айналғандықтан, бейбіт даму салтанат құрып, тату-тәтті тіршілік орныға бастады. Дүние-өмір үшін ең бірінші құндылық – адамның өмірі мен бостандығы, әлеуеті мен белсенділігі. Біздің



Цветок толерантности



Толеранттылық түрлері

Саяси
толеранттыл
ық

Ғылыми
толеранттыл
ық

Педагогикал
ық
толеранттыл
ық

Әкімшілік
толеранттыл
ық



Антикалық кезең толеранттықтың екі типін көрсетеді: полистік, имперлік. Полистік тип - тұрақсыз, антикалық демократияның қозғалысымен байланысты және сыни рационалистік диалогта, сопылық қозғалыста, скептиктер көзқарасында, діни тәжірибе формаларының көптүрлілігінде және саяси плюрализмде көрініс тапқан. Толеранттылықтың имперлік типі күшті, саяси билікке негізделеді. Бұл жағдайда діни және философиялық плюрализм анық көрінеді, ұлттық және сенім үшін шеттету болған жоқ. Антикалық политеизм жағдайында сенім шыдамдылығының да проблемасы болған жоқ.

Қорытып айтқанда, мейлі адамаралық күнделік байланыста болсын, немесе мемлекеттік, тіпті әлемдік қауымдастықта болсын өзара түсінісу мен кеңшілік етуге, сабыр сақтауға құрылған толеранттылық ұстанымының маңызы айрықша. Ол демократиялық құқықтардың сақталуына кепілдік береді, араздықтардың алдын алады, адамдарды өмірді сүюге жетелейді, оқшауланудан, ауытқудан, кекшілдіктен, кемсітуден арылтады. Дегенмен толеранттылықтың адамгершілік қағидаттарына, елдің заң-тәртіптеріне, ұлттық мұратқа қайшы келмеуіне қол жеткізу қай-қашанда ескерілуге тиісті шешуші түйін есептеледі.



Назарларыңызға
а рахмет

